


Сол жылы жаз жаңбырлы болды. Егістікке дән түсер-түспесте аспаннан себелеген нұр кейін де оқтын-оқтын селдетіп төкті де тұрды. Ылғал мол, алқаптағы егіс бір тегіс қаулап шықты да, күннің қызуынан қуат алып, тез жетілді. Тамыз айында арпа мен бидай масағын көтере алмай майысып, маңдайынан қуалай өпкен желден тербелгенде теңіздей толқыды. Кеңшар директоры Ризабек Искаков пен бас агроном Амантай Масығұтов егінжайды аралаған сайын сүйсініп, масақты уқалағанда алақанда қалатын баданадай-баданадай дәнді мейірлене иіскейтін. Сонда уыз дәннен диқанды жарылқаушы жер иісі аңқып қоя беруші еді.

Ж. СӘДУАҚАС

Орденді жүргізуші



Елдің тілеуінен шығар, күз құрғақ болып, бітік егінді орып алуға диқан қауымы сәтіммен кірісті. Егінжайдан толассыз ағылған астыққа қырманның аузы-мұрны толып, дән ұшыруға жұмыскер қолы жетіспей, мектеп оқушылары көмекке шақырылды. Оныншы кластың табалдырығын аттаған топ баланың ішінде мен де бар едім. Шашы айнадай тықыр, кең маңдайлы, шырайлы жүзін тершіген сәтте етектей қол орамалымен дамылдамыл сүртіп алатын қырман меңгерушісі Кәкім Кәзенов: «Ал, балалар, ойын қуып кетпей, жұмысқа адал болыңдар. Елдің ырысы емес пе, ысырап етпей қоймаға кіргізіп алайық», - деп, ағалық ақылын айтып, біреуге қуыс күрек, енді біреуге сыпыртқы ұстатты. Біздің ауысым көшкі алты мен түнгі он бір аралығы. Бірге

күрекей жігіт түседі. Күн мен желден тотыққан жүзіне шаң жабысып, шаршаңқы көзі кіртііп кетсе де, қалжырағанын сездірмейді. Қырмандағы жұртпен көтеріңкі дауыспен жігер бере сөйлесіп, қызыл бидайды аударып тастаған соң егінжайға кері қайтады.

Сол 1979 жылдың күзі берекелі болды. Ақкөлдің еңбекке жарамды үлкен-кішісі тегіс қайрат көрсетіп, ырғын астық шашаусыз қоймаға құйылды, мемлекетке тапсырылды. Кеңшар бес жылдық жоспарды бір жылда орындап, айды аспанға шығарды. Айтпақшы, келесі жылы да астық мол шықты. Жиын-терім басталар алдында «Өлеңті» кеңшарында аудан диқандарының дәстүрлі басқосуы өтіп, еңбек екіпінділері марапатталды. «Ақкөл» кеңшарынан комбайншы Әбілда Шілдебаев, бригадир Воло-

әкесі Құсайын дүниеден көшіп, шешесі Жамал жесір қалады. Ерінің артын күтіп екі-үш жыл отырған соң жазмышқа көніп ақкөлдiк Шетен Мұқановпен бас қосады. Еліне сыйлы, III және II дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері, ержүрек майдангер, ауылдық кеңес төрағасы, басқа да қызметтерде істеген ол кісі Нұрұшты бауырына тартып, ер жеткізді. Мектепті бітірген соң үш жыл Отан алдындағы борышын өтеп келген жас жігіт ауылда бос жүргенде Қайыркеш Жәкеновтің назарына ілігеді.

- Бала күніңнен спортқа құмар едің. Дене шынықтыру мұғалімінің орны бос. Бізге қызметке кел,- дейді мектеп директоры шәкіртіне. Спортты серік қылғаны рас, кластастары Болат Құсайынов, Тіләш Омаров, Мейрам Асылгазин - бәрі доп көрсе көзі жайнап, жарыс қуып көршілес ауылдарға да шығып

лы басқаша ұйғарса, өмірі қалайша өрілер еді, белгісіз.

Павлодарда курста жүрген. Бір жолы жатақханаға сүт зауытында спорт нұсқаушысы болып істейтін жігіт келіп: «Облыстық спартакиада өтіп жатыр. Командаға волейболшылар керек. Ойнап берсеңдер қайтеді» деп, бөлмедегі жігіттерге қолқа салды. Әр ауданнан жиналған жігіттер келісе кетті де, сүт зауыты командасын финалдан бір-ақ шығарды. Ақтық ойында Павлодар пединституты командасымен ойнады. Ойын үстінде өуелеген доп оңтайлы келіп қалды да, Нұрұш алаңның қарсы бетіне қақырата соққы жасады. Тордың арғы жағындағы ойыншы қорғанып үлгермей, жойқын күшпен кеудесіне тиген доптан құлап түсті. Кездесуден кейін жасамыс орыс «Қайдан келдің?» деп сұрағанында Нұрұш шынын айтты. Өлгі адам

үйленіп, бұл уақытта шаңырақ балаларының шаттығына бөленіп тұрған. 1984 жылы «Ақкөл» кеңшарына алғашқы «КамАЗ» жүк көлігі берілетін болғанда таңдау Нұрұшқа түсті. Ол су жаңа көлікті Ресейге барып, зауыттан айдап өкелді. Түнделетіп жетіп үйінің жанына қойған еді, таңертең кішкентай ұлы Ғалымбек: «Әке, мынау керемет машина екен. Ешкімге бермеші», - дейді кабинада жайраңдап. Бес жыл сол техникамен бармаған жері, баспаған тауы қалмады. Жүргізуші болу оңай емес, күндіз-түні тыным жоқ. Ұзақ жол үстінде бейнет те көреді. Қиналғанда бейтаныс шопырлардан жақсылықты көп көрді, өзі де көмек көрсетті. Сол заманда жүргізуші ынтымақтастығы керемет еді.

Ауылда бірге істеген Валерий Щербинин, Базар Арынов, Ермек Әбдіғалпаров, Қайырбай Успанов, Қайыр Жұмаділов, Жомарт Әбілдинов, Сағынтай Досжанов ерен еңбек үлгісін көрсетіп жүрді.

1987 жылы кеңшар директоры Әбілқас Түгелбаев Нұрұш ағаға жаңа қызмет ұсынды. Сөйтіп, ол қоғамдық тамақтандыру технология қызметіне кірісті. Алты бригаданы азық-түлікпен қамтамасыз етіп, ойлы-қырлы дала жолын шарлады. Кеңшар тараған соң жиған-терген ақшасына Екібастұз қаласынан үш бөлмелі пәтер сатып алып, зейнеткерлік жасқа жеткенше үйреншікті кәсібіне оралып, Майкөбен, Богатырь кеніштерінде жүргізуші болды.

Жетпіске аяқ басқалы отырған Нұрұш аға мен Қадияша тәтешай үстінде сағымдай бұлдырап алыстап кеткен дәуренді жылдарды еске түсіргенде жадырап қалады. Жалғыз ұл Ғалымбек үйленген, келіні Гүлжахан - Ақкөлдің қызы. Ислам атты сүйкімді немере бар.

Елдің ауысым көшк атты мен түнгі он бір аралығы. Бірге оқитын ұл-қыздар жұмысты өндіре істейміз де, арақидік дамыл тапқанда, бір-біріміздің қойны-қонышымызды дөнге толтырып, алысып-жұлысып аламыз. Төңіректі қою қараңғылық тұмшалап, қырман ауласын электр шамдары жарықтандырып тұратын мезгіл туса да, астық тиген жүк көліктері қырманнан әлі қатынап жатады. Жиі қатынайтын шопырдың бірі – ауыл Бөлди атайтын Нұрұш Жұмағұлов. Таразыға өлшеткен соң тіркемелі «ЗИЛ-130» пысылдап қырманға кіреді. Кабинадан теректей ұзын, аяқ-қолы арбиған, алақаны

рынан қосбайыншы. Солда Шілдебаев, бригадир Володя Синковец және тағы басқа жігіттер орден алды. Сол жылы майталман жүргізуші, бүгінгі әңгімеге арқау болған Нұрұш Жұмағұловтың өңірінде III дәрежелі «Даңқ» ордені жарқырады.

Нұрұш 1946 жылы 1 қарашада «Пресновский» кеңшарында өмірге келді. Соғыс басталғанда Еділ бойынан күштеп көшірілген неміс отбасы Жұмағұловтар үйін паналап отырған еді. Бесіктегі құндақтаулы нәрестені тербегенде неміс келіншек «әлди» сөзін «бөлди» деп айта береді де, сәби Бөлди атанып кетеді. Үш жастан асқанда майдангер

көрсө көзі жайнап, жарыс қуып көршілес ауылдарға да шығып кетуші еді. Көп ойланбай-ақ Нұрұш ұсынысты қабыл алды. Дәл сол тұста ауылда екі қабатты типтік мектептің құрылысы біткелі тұрған. 1969 жылдың 1 қаңтарында қуанышы тасыған мұғалімдер мен оқушылар жаңа ғимарат есігін ашты. Сол уақытта зәулім сарайдай көрінген жаңа спорт зал ішіне спорттық жабдықтарды Нұрұш ересек балаларды жұмылдырып орнатты. Екі жылдан кейін ол Краснокутск аудандық «Қайрат» ерікті спорт қоғамын басқаруға шақыртылды. Бұл қызметті бір-ақ жыл атқарды, әйтсе де бір оқиға есінде сақталып қалды. Бәлкім, сол жо-

«...» деп сұрағанда Нұрұш шынын айтты. Әлгі адам спорт факультетінің деканы екен, «Оқуға кел. Команда құрамына енгіземін. Бізге өзіңдей қазақ жігіттері керек», - деп ризалықпен иығынан қақты. Жасы жиырма бестен асып кеткен Нұрұш бас тартты, ауылға аңсары ауып тұрды.

Сөйтіп, қорапты «ГАЗ-51» машинасының рөліне отырып жүргізушілік еңбек жолын бастады. Ісіне мұқияттылығы, жауапкершілігі бағаланып, тәжірибе жинап ысылғаннан кейін «ЗИЛ-554» жүк көлігіне ауысып, он жылдай тер төкті. Тапқан табысы молынан жетіп, отбасын асырады. Айтпақшы, кластасы Қадиша Келдібаеваға

Тұлжанан - Ақкөлдің қызы. Ислам атты сүйкімді немере бар. Немересі атасы секілді спорты сүйеді. Футбол клубында ойнайды. Үш қыз: Риза, Ләззат, Фариза тұрмыста, жиендерді ерітіп келгенде бәрі мәре-сәре болып, көңіл шарықтайды. Ел мен жер алдындағы парыз өтелген, ұрпақ өсіп келеді, жұмыр басты пенде үшін бақыт емес пе?!

... Нұрұш ағаның үйінен көңілім өсіп шықты. Әңгіме қозғау салғандықтан болар, жадымда сол бір күз жаңғырды. Тілімнің ұшына Мұқағалидың: «Суық күз сұрғылт, сұрланып аспан күн жауған, Күн жауған шақта қайтатын едік қырманнан...» деген әйгілі өлеңі орала берді.